

"Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасында "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2011 - 2013 жылдарға арналған жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 шілдедегі № 771 Қаулысы

"Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттар жүйесін құру тұжырымдамасы (бұдан әрі - **Тұжырымдама**) **мақұлдансын.**

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2011 - 2013 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі - **Жоспар**) **бекітілсін.**

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты **мемлекеттік орган** деп **белгіленсін.**

4. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары:

1) Тұжырымдаманы және Жоспарды іске асыру жөніндегі қажетті шараларды **қабылдасын;**

2) жартыжылдықтың қорытындысы бойынша тиісті жылғы 10 шілдеге және 10 қаңтарға Тұжырымдама мен Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылу барысы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне берсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 20 шілдеден және 20 қаңтардан кешіктірмей Тұжырымдама мен Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне **берсін.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

3

шілдедегі

№

771

қаулысымен

мақұлданған

"Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" **интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру тұжырымдамасы Кіріспе**

Осы Тұжырымдама Қазақстан Республикасында "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – Бірыңғай терезе АЖ) іске асырудың стратегиясын ашады. Экспорттық-импорттық және транзиттік операциялар барысында бизнес-құрылымдар мен мемлекеттік органдардың арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процестерін біріздендіруді және стандарттауды қамтамасыз етудің әлемдік тәжірибесін және қалыптасқан практикасын ескереді. Тұжырымдама барлық сыртқы сауда процестеріне қатысушылардың пайдасы мен экономикалық мүддесін қамтамасыз етудің бірлескен күш-жігерін іске асыруға б а ғ ы т т а л ғ а н .

Тұжырымдама Бірыңғай терезе АЖ құру мәселелерін шешудің жалпы мақсаттарын, міндеттерін, тәсілдері мен қағидаттарын қамтиды.

1-бөлім. Нақты аяны, саланы (салаларды) дамыту пайымы

1. Ағымдағы жағдайды талдау

Көптеген елдерде, оның ішінде Қазақстанда халықаралық саудаға қатысатын компанияларға ұдайы экспортқа, импортқа және транзитке қатысты реттейтін талаптарды сақтау тәртібінде ақпараттар мен құжаттардың елеулі көлемін дайындауға және мемлекеттік органдарға ұсынуға тура келеді. Бұл ақпарат пен құжаттама өзінің меншікті нақты жүйесі мен қағаз құжаттарының үлгілерін пайдаланатын түрлі мекемелердің бірнешеуіне жолданады. Мұндай ауқымды талаптар оларды сақтауға байланысты шығындармен қоса басқарудың мемлекеттік органдары және іскер топтар үшін елеулі ауыртпалық тудырады және халықаралық сауданы дамыту үшін де елеулі б о л ы п т а б ы л у ы м ү м к і н .

Қазақстан Республикасындағы халықаралық сауда саласындағы рәсімдердің әкімшілік жүйесі күрделі әрі айқын емес. Мемлекеттік органдар сыртқы экономикалық қызметке (бұдан әрі – СЭҚ) қатысушылардың мүддесін назарға алмайды. СЭҚ-қа қатысушылардың өздерінің тікелей жүруі мемлекеттік шенеуніктердің арасында сыбайлас жемқорлықтың болуына ықпал етеді. Қажетті құжаттар мен рәсімдердің қайталануы, қатысы бар ведомстволар мен ұйымдардың функцияларының қайталануы орын алады. Іс жүзінде СЭҚ-қа қатысушы мемлекеттік органдардың арасында да және бір мемлекеттік органның ішінде де байланыстырушы буын болып табылады, шын мәнісінде қажетті құжаттарды алу процесін тездету үшін мемлекеттік органдардың арасында ынтымақтастықты қамтамасыз етеді. Бизнеске әкімшілік жүктемені төмендету және рұқсат беру жүйесін оңайлату мақсатында Қазақстанда оны оңтайландыру, рұқсат беру құжаттарын барынша қысқарту, оларды беру талаптары мен

рәсімдерін оңтайландыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өту қажет, бірақ бұл жұмыс тек басталған нүкте болып табылады.

Экспорттық, импорттық және транзиттік операциялар саласындағы заңнамада көзделген ауқымды ақпаратты және көптеген құжаттарды әзірлеу және ұсыну кезінде оңайландыру және келісу қажеттігі айрықша айқын. Халықаралық жеткізілім жүйесінде жүктерді өткізу тиісті жүк құжаттамасымен ілесіп жүруі тиіс. Ол орташа 40 құжатты, 200 деректер элементін қамтиды, олардың 30-ы кемінде 30 рет қайталанады және деректердің 60-70%-і кем дегенде бір рет қайта басылуды талап етеді.

Орташа алғанда, жөнелту алдындағы жүкті ұстаудың әрбір қосымша күні сауда көлемін кем дегенде 1%-ке және егер өткізілетін тауарлар ерекше сақтау талаптарын талап етсе, шамамен 7%-ке қысқартады.

Сауда рәсімдерін оңайлатумен жұмыс мақсаты сауда орталары, әкімшілік және басқа да қатысушы тараптар үшін халықаралық сауда процестерін және рәсімдерін жеңілдетуден және тиімділігін арттырудан тұрады. Соңғы он жылдықта сауда рәсімдерін оңайландыру және трансшекаралық тасымал алмасу мәселелеріне Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы (БҰҰ ЕЭК), Дүниежүзілік Банк сияқты халықаралық ұйымдар көп көңіл бөлуде.

Барлық СЭҚ-қа қатысушыларға бақылаушы органдар импорттық, экспорттық және транзиттік операцияларды бір жерде ғана, бір нысанда ғана және бір агенттікке жүзеге асыру үшін талап ететін ақпаратты ұсынуға мүмкіндік беретін Бірыңғай терезе АЖ іске асыру сауда рәсімдерін және шекаралық тасымал алмасуды оңайландыру бойынша базалық шешімдердің бірі болып табылады.

Әлемде экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірқатар бірыңғай терезе тетігі жұмыс істейді және іске асырылуда.

Сингапур моделі. "TradeNet" (Бірыңғай терезе АЖ) жүйесі 1989 жылдан бастап жұмыс істейді, оны "SNS" компаниясы пайдаланады және жасаушы "CrimsonLogic" компаниясы қолдайды. "TradeNet" – бұл компаниялар арасындағы Сингапур сауда қоғамының мүшелерін байланыстыратын, мемлекеттік стандарттармен белгіленген форматтағы бизнес-құжаттармен электрондық алмасу жүйесі. Өткен кезең ішінде жүйе елеулі дамыды. Жүйенің қызмет көрсету құны ақылы: алымдар, салықтар және баждар жүйеде автоматты түрде есептеледі және сауда кәсіпорындарының банк шоттарынан есептен шығарылады.

Сингапур моделінің мәні онда СЭҚ-қа қатысушы құжаттарды электрондық түрде бірыңғай электрондық терезеге бір рет ұсынатынын, одан барлық құжаттардың электрондық түрде барлық мемлекеттік органдарға өздігінен таралатынын және сыртқы экономикалық қызметке қатысушыда оларды мемлекеттік органға бөлек жіберу қажеттігі болмайтынын білдіреді.

Маврикий моделі. Маврикийдағы Бірыңғай терезе "Crimson Logic" Сингапур компаниясымен ынтымақтастықта іске асырылды. "Trade Net" жүйесі мемлекет және

жеке секторлар арасындағы әріптестік қатынастар шеңберінде кезең-кезеңімен енгізілген. Бұл жүйе импорттық және экспорттық жүктердің айналысына қатынасы бар түрлі тараптар арасында құжаттарды электрондық түрде беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бағалауға сәйкес жүйені пайдалану кедендік тазарту уақытын даулы емес декларациялар үшін 4 сағаттан 15 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді, бұл ретте қаражатты үнемдеудің болжамды мөлшері ішкі жалпы өнімнің (бұдан әрі – ІЖӨ) 1% деңгейінде бағаланады.

Швеция моделі. Бірыңғай терезенің Швеция моделі кедендік жүйе шеңберінде іске асырылған және 150-ден астам қызмет көрсетуді ұсынатын "Виртуалды кедендік қызмет" ретінде танымал. Импорттық және экспорттық декларациялар Интернет арқылы және Біріккен Ұлттар Ұйымының сауда рәсімдерін жеңілдету және электрондық іскерлік операциялар орталығы (бұдан әрі – БҰҰ СЕФАКТ) стандартының көмегімен өңделуі мүмкін. БТ ИАЖ саудаға қатысты барлық реттеу ережелерін қамтиды және кәсіпорындарға орын алып отырған өзгерістер туралы жаңартылған деректерді Интернет және/немесе SMS арқылы автоматты түрде алуға мүмкіндік береді. Жүйені толық мемлекет қаржыландырады және барлық қызмет тегін көрсетіледі.

Швеция моделінің мәні мен негізі мынада, СЭҚ-қа қатысушылар құжаттарды электрондық түрде әрбір мүдделі органға береді және олар кейіннен бірыңғай деректер базасына жинақталады, ол жерден кейіннен мемлекеттік органдар СЭҚ-қа қатысушыға мемлекеттік органдар берген рұқсат беру құжаттарының бар-жоқтығы туралы ақпаратты алады.

Сенегал моделі. Сенегал мысалындағы Бірыңғай терезе АЖ электрондық құжаттарды алдын-ала жинауды жүзеге асыратын "ORBUS" (пайдалануға 2004 жылы енгізілген) жүйесімен ұсынылған. "TRADE-X" деп аталатын Сенегалдың кедендік ақпараттық жүйесі декларацияланған құжаттарды қабылдауды, тәуекелдерді талдауды, посткедендік бақылауды және статистика жүргізуді жүзеге асырады. "CORUS" деп аталатын электрондық ақы төлеу жүйесі қосымша енгізілуде.

2. Бірыңғай терезе АЖ мақсаты мен міндеттері


Бірыңғай электронды терезе – бұл экспорттық-импорттық операцияларға және транзиттік операцияларға қатысушы тараптарға экспорт, импорт және транзит саласындағы мемлекеттік органдардың талаптарын орындау мақсатында бірыңғай өткізу арналарын пайдалана отырып, құжаттар мен ақпаратты ұсынуға мүмкіндік беретін құрал. Егер ақпарат электронды түрде ұсынылса, онда деректердің жекелеген элементтері тек бір рет ғана ұсынылады.

Бірыңғай терезе АЖ құрудың мақсаты сауда рәсімдерін жеделдету және оңайлату, СЭҚ-қа қатысушылар мен мемлекеттік органдар арасында ақпаратты жақсарту және тиімді алмасу болып табылады.

Негізгі міндеттер:

- ### 3. Бірыңғай терезе АЖ-ды іске асыру моделі

Бірыңғай терезе АЖ моделі



1-схема. Бірыңғай терезе АЖ моделі.

4. Бірыңғай терезе АЖ-ны іске асырудың алдын ала мерзімдері

Экспорттық-импорттық операциялар бойынша Бірыңғай терезе АЖ ұқсас жобаларын енгізу бойынша әртүрлі елдердің практикасы іске асырудың әртүрлі мерзімдерін көрсетеді.

Тұтас алғанда, Бірыңғай терезе АЖ 3 жыл ішінде (2011 – 2013 жылдары) іске асырылатын болады.

Техника-экономикалық негіздемені дайындау мен Бірыңғай терезе АЖ-ны одан әрі енгізу барысында көрсетілген мерзімдер нақтыланатын болады.

5. Күтілетін нәтиже

Сыртқы экономикалық қызмет саласындағы әкімшілік тосқауылдарды төмендетуге бағытталған Бірыңғай терезе АЖ-ны іске асыру жалпы кедендік рәсімдердің тиімділігін арттыруға және елдің сыртқы сауда айналымын ұлғайтуға, сондай-ақ әкімшілік рәсімдердің айқындылығы мен болжамдылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және сыртқы сауда қатынастарына қатысушылардың шығындарын төмендетуге әкеледі. Бұл ретте, Бірыңғай терезе АЖ-ны іске асырудан түскен пайда макро және микро деңгейде алынатын болады.

Мемлекеттік органдар үшін пайда:

- 1) ресурстарды неғұрлым тиімді және ұтымды бөлу;
- 2) салықтар, баждар, алымдар түрінде төлемдерді толық алмау проблемасын жою (нәтижесінде оларды көтеру);
- 3) сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың заңнама талаптарын орындауын арттыру;
- 4) экономикалық қауіпсіздікті арттыру;
- 5) адалдық пен айқындылықты арттыру.

Бірыңғай терезе АЖ мемлекеттік органдардың жұмыс істеуінің неғұрлым ашық және қарапайым әдістерін және олардың кәсіпорындармен жұмысын бірге ынталандыру кезінде қолда бар мемлекеттік жүйелері мен процестерінің интеграциясын жетілдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар барлық қажетті ақпарат пен құжаттарды бірыңғай өткізу арнасы арқылы ұсынатын болса, осы ақпаратты барлық мемлекеттік мекемелер арасында жеделдетілген және неғұрлым нақты пайдалану мен тарату үшін неғұрлым тиімді жүйелерді құруға болады. Бұл сондай-ақ сыртқы сауда саласындағы қызметке қатысы бар мемлекеттік органдар арасында үйлестіру мен ынтымақтастықты нығайтуға әкеледі.

Жеке сектор үшін пайда:

Бизнес үшін негізгі артықшылық Бірыңғай терезе АЖ сыртқы экономикалық қызметке қатысушыға барлық қажетті ақпарат пен құжаттаманы экспорттық-импорттық мен транзиттік операцияларға қатысы бар барлық мемлекеттік мекемелерге бір рет ұсыну үшін бірыңғай арнаны қамтамасыз етеді.

Бірыңғай терезе АЖ мемлекеттік органдарға ұсынылған ақпаратты және құжаттарды тез және нақты өңдеуге, сондай-ақ салықтарды алуға мүмкіндік береді. Айқындылық пен болжамдылықты арттыру мемлекеттікпен қатар жеке секторда да сыбайлас жемқорлық үшін мүмкіндіктерді шектеуге әкеледі.

Бірыңғай терезе АЖ-ның үйлестіру тетігі ретінде жұмыс істеуі қолданыстағы заңнама және оның сақталуы туралы ақпаратқа жедел қол жеткізуді ұсынады, бұл сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға байланысты әкімшілік шығындарды төмендетуге және бизнестің заңнама талаптарын неғұрлым қатаң орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2-бөлім. Белгілі бір аяны, саланы (салаларды) дамытудың негізгі қағидаттары мен жалпы тәсілдері

1. Бірыңғай терезе АЖ негізгі қағидаттары мен функциялары

Бірыңғай терезе АЖ-ны іске асыру және жұмыс істеуінің базалық қағидаттары:

- 1) құжаттарды/деректерді электронды форматта беру;
- 2) ақпараттық жүйенің орталықтандырылған архитектурасын қолдану;
- 3) елдің барлық өңірлерін қамту;
- 4) Қазақстан Республикасының халықаралық сауда саласындағы барлық реттеу талаптары мен рәсімдерін қамту. Қойылған міндеттерді шешу үшін:

1) экспорттық-импорттық операциялар кезінде рұқсат құжаттарын мақұлдау және беру бөлігінде ақпаратпен және құжаттармен алмасу процестерін автоматтандыруды жүзеге асыру;

2) құжаттарды беру нысаны мен рәсімдерін оңтайландыру және стандарттау;

3) барлық қатысушылар өз міндеттерін орындауы үшін жүйеге орталықтандырылған және айқын қол жетімділікті қамтамасыз ету қажет.

Қойылған міндеттерді негізге ала отырып, Бірыңғай терезе АЖ негізгі функциялары :

1) экспорттық-импорттық және транзиттік операцияларды жүзеге асыру барысында құжаттарды/деректерді жинау, өңдеу және сақтау;

2) сыртқы сауда қатынастарын қатысушылар үшін ақпарат ұсыну және консультациялар беру, оның ішінде сыртқы саудаға қатысты қолданыстағы заңнамаға және басқа құжаттарға қашықтықтан қол жеткізуді қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік деректер базасын және куәландырушы орталықтарды пайдалана

отырып, сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды бірдейлендіру;

4) сыртқы сауда операцияларына қатысушылар туралы тіркеу мәліметтерін және оларда талап етілетін рұқсат құжаттарының бар болуы туралы ақпаратты мемлекеттік органдардың пайдалануы;

5) тартылған органдар мен ұйымдар арасында, сондай-ақ тартылған ведомстволар мен сыртқы сауда қатынастарына қатысушылар арасында электронды құжаттармен/деректермен және хабарлармен алмасу;

6) экспорттық-импорттық және транзиттік операцияларды жүзеге асыру бойынша рәсімдерді жүргізу үшін барлық мүдделі мемлекеттік органдарға құжаттарды электронды түрде беру;

7) тартылған ведомстволар қызметі нәтижелерінің мониторингі және статистикалық ақпаратты және құрылған деректер базасы арқылы тиісті деректер алу;

8) мемлекеттік құрылымдардың қызметіне электрондық Үкіметтің төлем шлюзін пайдалана отырып (бұдан әрі – ЭҮТШ), ақы төлеуді электронды түрде жүргізу мүмкіндігін ұсыну.

Бірыңғай терезе ақпараттық жүйесін пайдаланушыларды бірдейлендіру тиісті мемлекеттік деректер қоры, электронды цифрлық қол таңбаны куәландыратын орталықтың деректері бар ұсынылған тіркеу деректерін тексеру арқылы жүзеге асырылады.

Бірыңғай терезе ақпараттық жүйесіндегі сыртқы сауданы реттеуге тартылған бақылаушы органдар мемлекеттік деректер қоры (ЗТ МДБ, ЖТ МДБ, Б-лицензиялау) және СЭҚ-қа қатысушылар деректерінің бірыңғай базасына қол жетімділігі қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл, мұндай деректерді қатысушылардың өздері ұсыну қажеттілігінен арылуға, рәсімдердің тиімділігін арттыруға, қауіпсіздікке, құнының төмендеуіне мүмкіндік береді.

2. Бірыңғай терезе АЖ қойылатын жалпы талаптар

Бірыңғай терезе АЖ "бір аялдама" қағидаты бойынша жұмыс істеуі мүмкін өткізу пункттерін қоса импортқа, экспортқа және транзитке қатысты барлық реттеу талаптарын орындау мақсатында бірыңғай өткізу арналары арқылы құжаттарды электронды форматта ұсыну мүмкіндігі үшін функциялар жиынтығын қолдауды қамтамасыз етуі тиіс. Сыртқы сауда қатынастарына қатысушылар бірыңғай нысанда тек бір рет ғана ақпаратты ұсынады, тартылған органдар мен ұйымдар электронды форматта көшірмесін алады. Бұл ретте, сақтаудағы ақпараттың жаңартылуы қамтамасыз етіледі, деректер қорындағы құжаттың соңғы көшірмесі сақталады.

Бірыңғай терезе АЖ мынадай негізгі жалпы талаптарға сай келуі тиіс:

1) деректер қорының толықтығын қамтамасыз ету. Деректер қорында (жалпыға қол жетімді): сыртқы сауда рәсімдеріне қатысты барлық нормативтік құжаттар, барлық тиісті мемлекеттік органдардың қолданыстағы талаптары, мемлекеттік органдар мен қызметкерлердің байланыс деректері, практикалық мысалдар, құжаттарды өңдеу

бойынша нормативтер болуы тиіс;

2) деректерді сақтаудың сенімділігі мен қауіпсіздігі. Жеке және ақпараттық қауіпсіздік тұрғысынан алғанда деректерді сақтаудың сенімділігі қамтамасыз етілуі тиіс. Бірыңғай терезе АЖ сыртқы (кез келген үлгідегі қауіпке орнықтылық) және ішкі (жүйені орынсыз пайдалану немесе құпия ақпараттың ұрлану қаупі) қауіпсіздік қамтамасыз етілуі тиіс. Сондай-ақ деректерді сақтаудың және резервтік көшіру жүйесінің сенімділік деңгейін қамтамасыз етілуі қажет;

3) бірыңғай терезе АЖ пайдаланудың қарапайымдылығы мен қол жетімділігі. Клиенттердің барлық топтары үшін қызмет көрсетуге қол жетімділік нұсқалары қамтамасыз етілген болуы тиіс (қолдау орталығы). Нұсқаулардың кез келгеніне қол жетімділік рәсімдері қарапайым және айқын болуы тиіс;

4) өзгеріп отырған талаптарға байланысты өзгерістер енгізу мүмкіндігі. Рәсімдер, талаптар және т.б. өзгертілген жағдайда оның тиімділігін сақтау үшін жеткілікті Бірыңғай терезе АЖ-ға өзгерістер енгізудің техникалық мүмкіндігі көзделуі тиіс. Бірыңғай терезе АЖ функцияларды тиімді кеңейтуге, атап айтқанда, жаңа интерфейстер мен мүмкіншіліктерді қосуға мүмкіндік беретін болады, өйткені Бірыңғай терезе АЖ-ны пайдалану барысында құжаттарды одан әрі оңайлату көзделеді ;

5) халықаралық талаптарға сәйкес келетін деректер моделі. Бірыңғай терезе АЖ-ны іске асыруда халықаралық талаптарға сәйкес келетін Дүниежүзілік кеден ұйымының Деректер моделі қолданылатын болады. Бұл ішкі деректер моделін өзгертпей халықаралық стандарттарға көшуге мүмкіндік береді;

6) есептілікті жасау қабілеттілігі. Бірыңғай терезе АЖ-ның маңызды қасиеті оның қажетті басқарушылық ақпаратты тез ұсыну қабілеттілігі болуы тиіс. Бірыңғай терезе АЖ түймешікті басқан кезде бірнеше есептерді жасауға қабілетті болуы тиіс. Есептердің тізбесі мен форматы Бірыңғай терезе АЖ-ны әзірлеу сатысында айқындалатын және бейінді министрліктермен және басқа да тартылған құрылымдармен келісілетін болады.

3. Бірыңғай терезе АЖ-ны іске асыру тетігі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бірыңғай терезе АЖ-ны іске асыру үшін жауапты орган болып айқындалған. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанында Бірыңғай терезе АЖ-ны енгізу бойынша ведомствоаралық жұмыс т о б ы н қ ұ р у кө з д е л г е н .

Бірыңғай терезе АЖ-ны тиімді іске асыру мақсатында:

1) "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйесінің 2011 – 2013 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жоспарын (бұдан әрі – Жоспар) бекіту;

2) қаржыландыру көлемдері мен көздерін айқындау;

3) Бірыңғай терезе АЖ-ны іске асыру мерзімдерін айқындау қажет.

Бұл ретте Жоспар мынадай бөлімдерді көздейді:

- 1) ұйымдастыру мәселелері;
- 2) бизнес-процестерді талдау және Интеграцияланған кедендік тарифті қалыптастыру;
- 3) ұлттық деректерді үйлестіру;
- 4) құқықтық ортаны құру;
- 5) Бірыңғай терезе АЖ-ны ақпараттандыру;
- 6) Бірыңғай терезе АЖ-ны халықаралық интеграциялау.

Осылайша, Бірыңғай терезе АЖ Тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі жоспар шеңберінде Бірыңғай терезе АЖ-ны іске асыру мынадай атаулы шешімдердің қабылдануын қажет етеді.

Бастапқы кезеңде Интеграцияланған кедендік тарифті (бұдан әрі – ИКТ) құру және бизнес-процестерді талдауды өткізу маңызды.

ИКТ – бұл белгілі тауарға қатысты барлық мемлекеттік талаптарды қоса алғанда, әкелу, әкету немесе транзит кезінде қолданылатын барлық тарифтік және тарифтік емес шаралар туралы барлық ақпараттың жүйелендірілген және кодталған тізбесі. Аталған тізбеде СЭҚ-ТН-ның әрбір кодына ИКТ коды сәйкес келеді.

ИКТ-ны қолданысқа енгізу тауардың әрбір түрі бойынша барлық белгіленген талаптарды айқындауға ғана емес, сондай-ақ қандай министрлік немесе ведомство рұқсат беру құжатын бере алатынын айқындауға мүмкіндік береді.

ИКТ мемлекеттік органдар арасындағы үйлестіруді жақсартуға мүмкіндік береді және сауда қоғамдастығын, инвесторлар мен мемлекетті Бірыңғай терезе АЖ-ны пайдаланумен импортқа, экспортқа немесе транзитке қатысты барлық кедендік және тиісті реттеу талаптары туралы ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. ИКТ-ны құру шекарадан кесіп өтетін тауарларға реттеу талаптарына Бірыңғай терезе АЖ-ға жеңіл қол жеткізуге әкеледі және әкімшілік және құқықтық талаптар туралы ақпаратқа жүйелі жаңартуды жүргізуге мүмкіндік береді, ал тіркелген пайдаланушылар оларға қажетті реттеу түзетулері туралы электрондық хабарлама ала алады.

UN/CEFACT-тың Бірыңғай терезе АЖ-ға және қағазсыз саудаға дәйекті тәсілге сәйкес бизнес-процестерді талдау бизнес процестер мен құжаттарды жеңілдетуге, келісуге және автоматтандыруға қатысты бизнес процестерді оңайлату бойынша басқа шараларды іске асырғанға дейін қабылдау қажет бірінші қадам ретінде ұсынылады. Бизнес-процесс – бұл алға қойылған мақсатқа сәйкес қабылданатын шаралардың дәйектілігі. Бірыңғай терезе АЖ-да бизнес-процеске мынадай анықтама беруге болады: Бизнес-процесс – тауарларды әкелуді/әкетуді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды мемлекеттік органдардан алу және оларға ұсыну үшін СЭҚ қатысушылары орындайтын логикалық өзара байланысты іс-қимылдар қатары.

Халықаралық ұсынымдардың ережелерін ескере отырып, әр бизнес-процесті (құжатты) қайта қарау мен терең зерделеу, әр бизнес-процесті талдауды (бизнес

процесті сипаттау, бизнес-процесті модельдеу, нормативтік реттеуді, басқа бизнес-процестермен автоматтандыру мен интеграциялау мүмкіндігі) жүргізу қажет.

Бизнес-процестерді талдау нәтижелері сауда рәсімдерін (коммерциялық, көліктік, нормативтік және қаржылық рәсімдерді қоса алғанда) оңайлатуға, оларды автоматтандыруды жүргізу үшін құжаттандыру мен стандарттауға талаптарды оңайлатуға жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тиісінше, барлық мемлекеттік органдардың құжаттарды алуы үшін деректердің бірыңғай жинағын келісуді жүргізу мүмкін болады (ұлттық деректерді үйлестіру).

Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде БТ Жүйесінің құқықтық ортасын жасау үшін нормативтік құқықтық құжаттарға өзгерістер енгізу және осыдан кейін ғана Бірыңғай терезе АЖ-на құруға техника-экономикалық негіздеме және техникалық тапсырманы әзірлеу қажет болады.

Бұл ретте экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде Бірыңғай терезе АЖ-ны заңнамалық және ақпараттық құру мынадай мәселелермен шектелсін:

1) мемлекеттік органдардың барлық функцияларын емес, тауарларды әкелуді немесе әкетуді немесе транзитті жүзеге асыру үшін бизнес орындайтын әкімшілік рәсімдердің тұрғысынан ғана бизнес-процестерді қарастыру;

2) бизнестің әкімшілік рәсімдерімен байланысты емес ақпаратты ведомствоаралық алмасу мәселелерін Бірыңғай терезе АЖ-ға енгізбеу;

3) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен және коммерциялық ұйымдарымен өзара іс-қимыл мәселелерін Бірыңғай терезе АЖ-ға енгізбеу;

4) Бірыңғай терезе АЖ-ға азаматтарды кедендік шекара арқылы өткізу мәселелерін, жеке пайдалануға арналмаған тауарларды тасымалдау мәселелерімен байланысты көші-қон мәселелерін енгізбеу.

Бірыңғай терезе АЖ мемлекеттік органдар, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар, сондай-ақ халықаралық саудаға қатысы бар ұйымдар қатысуға мүдделі.

СЭҚ қатысушылар тарапынан Бірыңғай терезе АЖ пайдалану барлық заңды және жеке тұлғалар ақпараттық жүйені пайдаланушылар болып табылады.

Мемлекеттік органдар тарапынан Бірыңғай терезе АЖ-мен құрудың бастапқы кезеңінде:

- 1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен;
- 2) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен;
- 3) Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігімен;
- 4) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен;
- 5) Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігімен;
- 6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен;
- 7) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен;
- 8) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігімен;

- 9) Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігімен;
10) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен;
11) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен өзара іс-қимыл жасайтын
б о л а д ы .

Бірыңғай терезе АЖ-ны әзірлеу және іс жүзінде іске асыру шамасына қарай, осы Тұжырымдаманың кейбір ережелері тиісті құжаттарда толықтырылуы, дұрысталуы және нақтылануы мүмкін.

3-бөлім. Тұжырымдаманы іске асыру болжамдалатын нормативтік құқықтық актілер тізбесі

Осы Тұжырымдаманы іске асыру және қойылған міндеттерді шешу мынадай нормативтік құқықтық актілерге бизнес-процестерді талдау қорытындылары бойынша өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асыру болжамдалады:

1) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексі;

2) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 ш і л д е д е г і Заңы ;

3) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңы ;

4) "Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 ш і л д е д е г і Заңы ;

5) "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы Заңы;

6) "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңы ;

7) "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңы;

8) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қ а р а ш а д а ғы Заңы ;

9) "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы Заңы ;

10) "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы;

11) Қазақстан Республикасының "Патент заңы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 ш і л д е д е г і Заңы ;

12) "2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Заңы .

Көрсетілген нормативтік құқықтық актілер тізбесі Бірыңғай терезе АЖ-ны іске асыру бойынша жұмыстар жүргізу барысында қайта қаралатын болады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

3

ш і л д е д е г і

№

7 7 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасында "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе" интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2011-2013 жылдарға арналған ЖОСПАР

№	Іс-шараның атауы	Жауапты мемлекеттік орган	Іске асыру мерзімдері	Қаржылық шығыстар	Аяқтау нысаны
1	2	3	4	5	6
Ұйымдастырушылық мәселелер					
1.	РБК-ға "Б-терезе" ИАЖ-ны енгізуді қаржыландыру мәселелерін шығару	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2011 жылғы 3-тоқсан	Талап етілмейді	РБК шешімі
2.	Мемлекеттік органдардың орта мерзімді кезеңге арналған стратегиялық жоспарларына бюджет қаражатының шығыстарын "Б-терезе" ИАЖ-ны іске асыру жөніндегі іс-шараларға қосу бөлігінде өзгерістер енгізу	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар - "Б-терезе" ИАЖ-ға қатысушылар	2012-2013 жылдарға арналған бюджетті нақтылау	Талап етілмейді	Үкімет қаулылары
3.	"Б-терезе" ИАЖ-ны іске асыру мақсатында мүдделі мемлекеттік органдар мен бизнес құрылымдардың өкілдерімен консультациялық семинарлар, тренингтер өткізу	Қаржымині	2012 жылғы 4-тоқсан	Халықаралық ұйымдардың демеушілік қаражаты есебінен	Мемлекеттік органдар мен бизнес қоғамдастық үшін семинарлар, тренингтер
1	2	3	4	5	6
ИКТ қалыптастыру және бизнес-процестерді талдау					
4.	"Б-терезе" ИАЖ интеграцияланған кедендік тарифін әзірлеу	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2011 жылғы 3-тоқсан	Талап етілмейді	ИКТ "Б-терезе" ИАЖ
5.	"Б-терезе" ИАЖ интеграцияланған кедендік тарифін қабылдау	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2011 жылғы 20 шілде	Талап етілмейді	Үкіметке ақпарат беру

6.	Қазақстан Республикасында экспорт-импорттық операциялардың бизнес-процестерін талдау жүргізу	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2011 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	Сипаттамалары мен бизнес-процестердің тізбесі
7.	"Б-терезе" ИАЖ-нің интеграцияланған кедендік тарифті әзірлеу үшін техникалық тапсырма әзірлеу және бекіту	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2012 жылғы 1-тоқсан	Қазақстан Республикасының кеден қызметін жаңғырту бағдарламасы шеңберінде	Техникалық тапсырма

Ұлттық деректерді үндестіру

8.	Мемлекеттік органдардың құжаттары мен талаптарының бірыңғай тізбесін қалыптастыру	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2012 жылғы 1-тоқсан	Талап етілмейді	Бірыңғай тізбе
9.	Сыртқы сауданың экспорттық-импорттық операциялар кезінде пайдаланылатын құжаттарды жеңілдету және стандарттау (Сауда үшін келісілген нысандарды әзірлеу жөнінде нұсқаулық)	Мүдделі мемлекеттік органдар	2012 жылғы 20 шілде	Талап етілмейді	Үкіметке ақпарат беру
10.	Бірыңғай кіріс ақпараты құжатын қалыптастыру және ұлттық деректерді үндестіру	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2012 жылғы 20 шілде	Талап етілмейді	Үкіметке ақпарат беру

"Б-терезе" ИАЖ іске асыру үшін құқықтық орта құру

1	2	3	4	5	6
11.	БҰҰ сауда рәсімдерін жеңілдету және электронды: іскерлі операциялар орталығының N 35 ұсынымына сәйкес (БҰҰ СЕФАКТ) "Б-терезе" ИАЖ құқықтық кеңістікті құру үшін талдау жасау және мыналарға қатысты құжаттарды әзірлеу: - ұйымдастыру құрылымы; - сәйкестендіру, түпнұскалықты тексеру, авторландыру; - деректерді қорғау тетігі; - деректердің дұрыстығына және тұтастығына кепілдік беру тетіктері; - дауларды және т.б. шешу тетігі	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2013 жылғы 20 қаңтар	Талап етілмейді	Үкіметке ақпарат беру

Жобаны ақпараттандыру

				Шығыстар 2012-2014 жылдарға арналған республикалық	
--	--	--	--	--	--

12.	"Б-терезе" ИАЖ ТЭН-ді әзірлеуге тендер өткізу	Қаржымині	2012 жылғы 1-тоқсан	бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады	"Б-терезе" ИАЖ әзірлеушісі айқындау
13.	Қазақстан Республикасында "Б-терезе" ИАЖ-ты іске асыру бойынша ТЭН-ді бекіту	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2012 жылғы 2-тоқсан	Талап етілмейді	Қаржы министрінің бұйрығы
14.	"Б-терезе" ИАЖ-ны бағдарламалық қамтамасыз етуді құру бойынша ТТ әзірлеу	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2012 жылғы 3-тоқсан	Республикалық бюджет қаржыландыратын ТЭН шеңберінде	Техникалық тапсырма
15.	"Б-терезе" ИАЖ-ты іске асыру үшін пилоттық министрліктерді және "Б-терезе" ИАЖ-ны іске асыру кезеңдерін толық көлемде айқындау	ВАК, мүдделі мемлекеттік органдар	2012 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	Жобаны енгізудің мерзімі мен кезеңдері туралы Премьер-Министрдің өкімі
16.	"Б-терезе" ИАЖ пилоттық жобаны кейіннен пысықтай отырып іске қосу	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2013 жылғы 20 шілде	Шығыстар әзірленген ТЭН-ге сәйкес 2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады	Үкіметке есеп беру
17.	"Б-терезе" ИАЖ-ны пилоттық мемлекеттік органдардың пайдалануына енгізу	Қаржымині, пилоттық мемлекеттік органдар	2013 жылғы 20 шілде	Шығыстар әзірленген ТЭН-ге сәйкес 2012 - 2014 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады	Үкіметке есеп беру
18.	"Б-терезе" ИАЖ жобасына мемлекеттік органдарды кезең-кезеңмен қосу	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	тиісті жылдың 20 қаңтары немесе 20 шілдесі	Шығыстар әзірленген ТЭН-ге сәйкес 2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады	Үкіметке есеп беру
Жобаны халықаралық ықпалдастыру					
	"Б-терезе" ИАЖ іске қосылғаннан кейін оның жұмысын және Кеден одағына	Қаржымині, мүдделі			

19.	мүше мемлекеттердің ақпараттық жүйелерімен интеграциялану мүмкіндігін талдау	мемлекеттік органдар	2014 жылғы 20 қаңтар	Талап етілмейді	Үкіметке есеп беру
-----	---	-------------------------	-------------------------	-----------------	-----------------------

Ескертпе: қысқартылған сөздерді ашып жазу:

ИАЖ - интеграцияланған ақпараттық жүйе

ИКТ - интеграцияланған кедендік тариф

ВАК - "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе"

интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру

бойынша ұсыныстарды әзірлеу комиссиясы

Қаржы министрі - Қаржы министрлігі

БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы

РБК - Республикалық бюджет комиссиясы

СЕФАКТ - Сауда рәсімдерін жеңілдету және электрондық іскерлік операциялар

орталығы

ТЭН - техника-экономикалық негіздеме

ТТ - техникалық тапсырма